

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: karenov_r@inbox.ru)

Уәлитхан Танашев — Алашорда үкіметін құрған дарабоздардың бірі

Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері, Алашорда үкіметінің мүшесі, ірі заңгер-адвокат Уәлитхан Танашевтың өмірі мен қызметі суреттелген. Оның төңкеріс жылдары Алаш қозғалысына белсенді атсалысқандығы айтылған. 1917 жылы сәуір айында Хан ордасында өткен Бөкей ордасы қазақтарының съезін ұйымдастырушылардың бірі болғанына көңіл бөлінген. Жалпыресейлік мұсылмандар съезіне қатысып, съездің Атқарушы комитеті құрамына енгендігі көрсетілген. Азамат соғысы кезінде Сібір аумағында бой көрсеткен саяси құрылымдардың өкілдерімен келіссөз жүргізуге қатысқан. Большевиктер диктатурасы орнағаннан кейінгі кездегі оның Кеңес аппаратындағы қызметіне сипаттама берілген. Оның 1937 және 1949 жылдары екі мәрте қуғынға ұшыраған өмірінің соңғы кезеңі зерттелген.

Кілтті сөздер: ұлттық интеллигенция, Батыс Алашорда, тарих, сауалнама, ағарту, қоғам, Алаш қозғалысы, қуғын-сүргін.

Кіріспе

Жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында мүлдем жаңа жағдай қалыптасты. Ресейлік әскери-монархиялық басқару жүйесі, қазақ жерінің Ресейдің меншігі етіп жариялануы, осыған орай ішкі Ресейден қоныс аударушылар легінің күрт өсуі, қазақ бұқарасының зорлықпен егіншілікке жарамды жерлерден ығыстырылуы, дәстүрлі қазақ шаруашылығының терең дағдарысқа ұшырауы сол қалыптасқан жағдайдың нақты көріністері еді. Сол кездегі қазақ қоғамы дамуының күн тәртібінде қазақ халқының ұлт ретінде жоғалуы, не өзін-өзі сақтауы үшін күреске шығу мәселесі тұрды. Бірақ ендігі уақытта жеке батырлар бастаған қол түзіп, қару асынып көтеріліске шығу нәтиже бере қоймайтын еді. Қалыптасқан жаңа саяси ахуалға лайық жаңа күрес құралдары, әдіс-айла қажет болды. Ең негізгісі халыққа оның алдында тұрған негізгі мақсат-мүдделерін түсіндіріп жеткізетін, сөйтіп оны заман талабына сай күрес құралдарымен қаруландырып, азаттық үшін қоғамдық қозғалысты бастап кете алатын мүлдем жаңа саяси-әлеуметтік күшке сұраныс үлкен еді. Ал ондай саяси күштің қалыптасып келе жатқанын 1905–1907 жылдардағы оқиғалар көрсетіп берді. Ол күш — сан жағынан аз болғанымен, бірақ саяси күрес қазанында қайнап, тез ысыла бастаған ұлттық интеллигенция болатын.

Өткен ғасырдың басында қазақ интеллигенциясы бұған дейін болмаған қарқынмен қаулап өсіп, қалың Алаштың қамын жеген игі бастамалар көтерді. Сол бір жанкешті жылдарда өлкедегі саяси жұмыстардың қызу ортасында жүріп, артына өшпес із, іргелі ой, сүбелі іс қалдырған ұлдардың бірі — Уәлитхан Шарафутдинұлы Танашев.

Батыс Алашорда тарихына байланысты деректерде оның есімі жай ғана аталып өтеді. Шындығында Уәлитхан Танашевтың Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтермен есімі қатар аталуы тиіс. Бұл жөнінде күні бүгінге дейін осы тұлғалармен тең дәрежеде қайраткерлік орнын белгілейтін бірегей еңбек жазылған жоқ. Сондықтан көптеген тарихи, ғылыми ізденістерде кездесетін сәйкессіздіктерге қазіргі қолда бар мәліметтер негізінде Уәлитхан Шарафутдинұлы Танашевтың нақты туған жылы және шыққан тегі қандай деген сұрақтарға жауап беру үшін деректерге шолу жасағанды жөн көрдік.

У. Танашевтың өмір сүрген жылдары мен шыққан тегі туралы деректер

Уәлитхан Танашевтың өмір сүрген жылдары әр еңбекте әр түрлі көрсетіледі:

1. Еліміздің Ұлттық энциклопедиясы [1; 211] мен Батыс Қазақстан облысының энциклопедиясында [2; 481] Алаш қозғалысы қайраткерінің туған жылдары — 1887–1968 деп көрсетілген.

2. Журналист Ө.Әлімгереев «Алтын Орда» газетінде жарияланған мақаласында: «Алашорда қайраткерлерінің қатарынан табылатын Уәлитхан Шарафутдинұлы Танашев 1882 жылдың шілдесінде бұрындарғы бағыныс бойынша ішкі Қырғыз Ордасының екінші округі № 4 ауылда (қазіргі Атырау облысы Құрманғазы ауданында) дүниеге келген» [3], — деп жазған.

3. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатындағы 911-іс, 5-қ., 18-т., 2-беттегі 1921 жылы 4-ші қазанда Уәлитханның өз қолымен толтырылған сауалнамада (анкетада) ол өз жасын 38-де деп көрсеткен. Онда ол 1883 жылы туған болуы мүмкін.

4. Д.Сапарова «Есімі ұмыт қалған Алаш арысы — Уәлитхан Танашев» деген мақаласында мынандай деректер ұсынған: «Танашев Уәлитхан Шарафитденұлы 1882 жылы Құрманғазы ауданында балық кәсіпшілігімен айналысатын отбасында дүниеге келген. 1899–1908 жылдары Астрахань гимназиясының толық 8 класын аяқтаған соң, 1908–1912 жылдары Қазан университетінің заң факультетін бітірген. Заң ғылымының кандидаты. Ресей қалаларында адвокат болып жұмыстар атқарған» [4].

Сонымен, 1899–1908 жылдары Астрахань гимназиясының толық 8 класын аяқтағанын және ол кезде қазақ балаларының мектепке жай баратынын ескерсек, әуелі ауыл молдасынан тіл сындырған Уәлитханның аталған гимназияға шынында кеш баруы, сол себепті бес жасқа жасын кішірейтуі мүмкін деген қорытынды жасауға болады. Сонда, У.Танашевтың негізгі туған жылы 1882 жыл да, бірақ құжаттарда 1887 жыл алынып кеткен деген ой түйіндеуге болады.

Енді Уәлитхан Танашевтың шыққан тегіне келер болсақ, оның руы Кіші жүздің Байұлына жататын — Шеркеш.

М.Неталиевтің «Кіші жүз шежіресі. Тарихи-этнографиялық зерттеу» атты еңбегіне сүйене отырып, У.Ш. Танашевтың ата-тегін былайша жіктеуге болады (сызбаны қара.):

1. Кіші жүздің атасы Алшын деп аталады. Бұдан Алау туады. Алаудан — Қыдуар, одан Алқожа, Асанқожа есімді екі ұл болған.

2. Асанқожадан алты бала: Ерқожа, Қыдырқожа, Елтай, Естай, Ата, Қалпақ. Қыдырқожаның бәйбішесінен — Қыдырсиық, Сұлтансиық, Бақтысиық (Бақсиық).

3. Қыдырсиықтан — Шенеш пен Шеркеш туған. Шенештен қалған екі бала — Қосым мен Досым Шеркешті паналап өскендіктен, кейін Шеркештің ұрпағы атанған.

4. Шеркештен екі бала — Аққұба, Бөтік. Бөтікпен — Жайық, одан бас ата Қойыс: Дербіс (Қаракемпір), Сақау, Шүйініш, Қашқыншы, Еламан. Дербістен — сегіз бала: Түрке, Тоқтар, Қошқар, Қоғам, Базар, Жамас, Сатай, Сатылған [5].

5. Уәлитханның арғы атасы Түрке, одан Кедей, Жомарт деген екі ұл тарайды. Соның Жомартынан — Пұсырман, одан — Тұрымбет (Сырым Датовтың атақты билерінің бірі болған).

Тұрымбеттен — Еспембет, одан — Шалабай. Шалабайдан — Оразмұхамбет (Танаш), ал Танаштан — Жақып, Сейдіғали, Дінмұхамбет, Ибрагим, Юнус, Арыстанғали. Балаларының бәрі өз алдарына үй тігіп отау құрғаннан кейін Танаш 1863 жылы (65 жасында) кенже баласы Арыстанғалидың үйінен қажылыққа Меккеге жол тартқан. Сол сапардан кері оралмаған. Сүйегі Меккеде қалған.


6. Танаштың алты ұлының екіншісі Сейдіғалидан екі ұл — Шарапи (Шарафутдин) және Мұхтар тарайды. Ел ішінде Шарапи, ресми құжаттарда Шарафутдин аталған ол сауатты адам болған. 1928 жылғы тәркілеуде күллі ағайынымен бірге Қарақалпақ жеріне жер аударылып, туысының бәрі Мойнақ балық өңдеу зауытында жұмыс істейді. Өзі 1938 жылдың жазында жүрек талмасынан Ходжеліде қайтыс болады.

Ал Шарафутдин, көне көздердің айтуынша, үш рет үйленген, бәйбішесі Қанипа екеуінен бір қыз, жеті ұл өрбиді. Олар: Уәлитхан, Шиғаб, Шәкір, Әбсаттар, Сабыр, Садық, Марат және Гүлмай. Уәлитхан — осы Қанипадан туған ұл.

7. Танаштың алты ұлының бәрі де орысша, мұсылманша оқып, білім алған, су маржанын кәсіп еткен. Олар өздері өндірген су маржандарын қақтап тұздап, ыстаған күйі Ресейдің Астрахань, Саратов, Еділдің жоғарғы тұсындағы басқа да қала базарларына өткізіп, түскен қаражатқа ауылдың күнделікті тұрмысына аса қажет қант, шай, ұн, сабын, киім, ыдыс-аяқ және маталардың түрлерін әкелген. Жерлестері олардың орнына мал, аң терілері, т.б. өнімдермен айырбастаған.

Кәсіпкерлікпен бірге 1880–1915 жылдары 35 жыл бойы Танаш әулетінен шыққан азаматтар теңіз жағалауы I және II округтарының әкімшілік-басқару жүйесіне де белсене араласып, туған өлкесінің халықтарының тұрмыстық әл-ауқаты мен білім алуларына әжептәуір үлес қосқан.

8. Танаштың немере ағасы Бекпембеттен (Бекмұхамбеттен) туған Мақаш (Мұхамбетжан) Шолтырұлы Бекмұхамбетов ел билеу, әкімшілік қызметтері, ағартушылық істерімен елге танымал болған. Ол Алаш арыстарының бірі — Бақтыгерей Құлмановты өзінің тәрбиесіне алып, әуелі Жәңгір мектебінде, кейін Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдері факультетінде дәріс алуына мүмкіндік туғызады.



Сызба. Уәлитхан Танашевтың ата-тегі

Б.Құлманов — Алаш қозғалысының қайраткері. 1890–1903 жылдары Ішкі Орданың Қамыс-Самара бөлігін басқарды. 1906–1907 жылдары Ресейдің Бірінші және Екінші Мемлекеттік думаларына екі рет сайланып, Мұсылман фракциясының белсенді мүшесі болды. 1917 жылы 21 сәуірде өткен Ішкі Ордадағы қазақтардың съезіне қатысып, қырғыз (қазақ) ордасының комиссары болып сайланды. Бірінші жалпықазақ съезінің шешіміне орай Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесінің атқару комитетінде қызмет етті. 1917 жылы Батыс Қазақстандағы Алаш қозғалысына белсене араласып, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Алашорда үкіметінің ұлттық Кеңесіне мүше болып сайланған [6].

М.Бекмұхамбетов тәрбиесін көрген айтулы тұлғалардың ішінде белгілі қоғам қайраткері Сейітқали Мендешовті айтып кетуге болады. Ендеше, осындай ортада тәрбие мен қамқорлық көріп өскен Уәлитханның да тегін адам болмағаны анық.

Уәлитханның жастық шағы туралы мәліметтер

Ауыл молдасынан хат танып, одан соң орта білімді Астрахань гимназиясынан У.Танашев 1912 жылы Қазанның Императорлық университетінің (Кеңес кезеңінде оған Ленин аты берілді) заң факультетін бітіріп шықты. Әрине, әуелгіде ол Санкт-Петербурдың медициналық академиясына түсуге ынта білдірген, бірақ азиаттығы алдынан шығып, «орын жоқ» деген желеумен Қазан университетіне келді. Мұнда медицина факультетіне түсіп, бар-жоғы бір ай оқыды да, неге екені белгісіз, заң факультетіне ауысты.

Қазан университеті 1804 жылы құрылған. 1917 жылғы төңкеріске дейін тарих-филология, физика-математика, медицина, заң факультеттері болды. Университетте өзінің маңыздылығымен ғылымды байытқан көптеген ғылыми бағыттар дамып, өріс алды. Көптеген ұлы ғалымдар осы университетте білім алып, жұмыс істейді. Мысалы, орыстың ұлы математигі Н.И.Лобачевский университеттің профессоры және ректоры (1827–1846 жылдары) болды. Университет Еділ бойындағы халықтардың мәдениетінің өркендеуіне едәуір әсер етті. Бұл университетте қазақ жастарынан азды-көпті оқып білім алғандар болды.

Уәлитхан университетті ойдағыдай бітіріп, төрт жыл бойы (1913–1917) Қазан қаласы соттары мен адвокатурасында заңгер-адвокат қызметін атқарды. Бірақ аталған қалада алғашқы күннен революциялық қозғалыстарға қатысып, идеялық сана-сезімі өзгерген ол 1917 жылдан бастап маңдайды туған жерге, елге бұрды.

У.Танашевтың Алаш қозғалысына белсене араласуы

Төңкеріс жылдары елге келген У.Танашев 1917 жылы 2–8 сәуір аралығында Орынбор қаласында өткен Торғай облыстық қазақ съезіне қатысты. Съезге 300-ден астам делегат қатысты. Олардың қатарында Торғай облысынан келген делегаттармен қатар Ақмола, Семей, Сырдария облыстарынан және Ішкі Ордадан келген өкілдер де болды. Съездің күн тәртібіне Патша өкіметі құлатылғаннан кейінгі жергілікті өкімет және басқару органдарын құру, Жалпықазақ съезін шақыру, бүкілресейлік мұсылман съезіне өкілдер жіберу, Уақытша үкіметке және ол жалғастырып отырған соғысқа көзқарас, мәдени, діни және шаруашылық істер сияқты мәселелер қойылды [7; 130]. Бұл съезде Танашев мәжіліс төралқасы төрағасының орынбасары болды.

1917 жылы 21 сәуірде Ордада өткен Бөкей қазақтарының съезінде Уәлитхан Шарафутдинұлы Президиум төрағалығына сайланды. Съезд қаулысымен Б.Құлманов бөкей Ордасының комиссары, ал У.Танашев Бөкей Земство управасының төрағасы болады. Бөкей Ордасынан Бүкілресейлік мұсылмандар Кеңесіне өкіл етіп ұсынылып, Ж. Досмұхамедов екеуі Кеңестің атқару комитетіне кіргізіледі. Сондай-ақ Бөкей Ордасынан Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылып, тамыз айында Киевке Бүкілресейлік федералистер съезіне барады. Сол 1917 жылы 1–11 мамыр аралығында Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысып, оның атқару комитетіне мүше болады. Ал 5–13 желтоқсан аралығында Орынборда өткен Жалпықазақ съезінде Алашорда үкіметінің министрі болып белгіленеді [1; 211].

1918 жылы 8 маусымда Самара қаласында құрылған Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитетінде (Комуч) қазақ елінің мүддесін қорғауға У.Танашев көп еңбек сіңірген. Ал 1918 жылдың шілде-тамыз айларында Челябинскіде өткен Комуч пен Сібір үкіметінің екі мәжілісіне қатысады. Жаһанша Досмұхамедов екеуі мемлекеттік мәжіліске Комучтың дайындық жұмыстарын жүргізеді. 8–23 қыркүйекте Уфа мәжілісіне қатысады. Онда бүкілресейлік Уақытша үкімет Уфа директориясы құрылады [2; 481].

Мәжіліс (Уфа мемлекеттік мәжілісі, Уфа директориясы) барысында 15 қыркүйек күні Алашорда мүшелері төтенше бас қосу өткізді. Алашорданың төрағасы Ә.Бөкейхан «автономияны жергілікті басқару жүйесі» жөнінде мәселе көтерді. Оған Б.Құлманов, У.Танашев, Х.Досмұхамедұлы, С.Досжанов, А.Бірімжанов, Ә.Ермеков, М.Тынышбаев, Е.Тұрмұхамедов, Б.Жанқадамов қатысты. Олар Ә.Бөкейхан көтерген мәселені талқылай келе, «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметін таратып, орнына Алашорданың Батыс бөлімін құрды [7; 340].

1918 жылғы 18 қарашада Омбыдағы төңкеріс нәтижесінде Директория құлап, барлық өкімет бөлігі адмирал Колчакқа өткенде Алашорда басшылары жаңа өкіметпен келіссөз жүргізуге талаптанады. 1919 жылы 11 ақпанда өткен ведомстваралық құрылым жөніндегі отырысқа Ә.Бөкейханов, А.Тұрлыбаевтармен бірге қатысқан У.Танашев Колчак өкіметінің өкілдеріне Бүкілресейлік Уақытша Үкіметтің (Директорияның) 1918 жылғы 22 қазан-қарашадағы қаулысына сәйкес қазақ халқының өкілетті органы және Алашорданың бас уәкілдігі жөнінде екі комиссия құрып, олардың құқыларын генерал-губернатордың немесе Үндістандағы статс-секретарьдың құқыларымен теңестіру жөнінде мәселе қояды [2; 482].

Кеңес үкіметімен байланыстан күдер үзген Алаш басшылары, енді ақ гвардияшыл Сібір Уақытша Үкіметі мен Бүкілресейлік Құрылтай Жиналысы мүшелерінің Самара комитетіне сүйеніп, автономияны сақтап қалуға әрекет етті. Бірақ Уақытша Сібір үкіметі 1918 жылы 4 қарашада Алашорда үкіметін таратып жіберді. Қазақстанда бір орталықтанған Кеңестік биліктің орнауы Қазақ (Қырғыз) революциялық Комитетінің (Қазревкомның) құрылуымен байланысты. 1919 жылы 10 шілдеде РКФСР Халкомкеңесінің декретімен Қазақ өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет құрылды. Бұл Қазревком Қазақ автономиясын құрғанға дейінгі қолына барлық жоғары әскери және азаматтық билікті шоғырландырған орган болды. Қазревком өлкедегі үкіметтің функцияларын атқарды. Оның төрағасы С.Пестковский, мүшелері: Ә.Жанкелдин, Б.Қаратаев, М.Тұнғаншин, С.Мендешев, А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, М.Сералин, В.А.Радус-Зенькович т.б. Алаш Орда тараған соң оның кейбір мүшелері Кеңес өкіметінің жұмысына тартылып, Қазревкомның құрамына кірді [8].

Кеңес үкіметі кезінде басқа да Алаш зиялылары сияқты Уәлитхан Танашевта Кеңес аппаратына жұмысқа тартылды.

Уәлитханның Кеңес үкіметінің жұмысына жегілуі

У.Танашев алғашында Қазақ әскери ревкомының аппаратында Мемлекеттік баспаның бөлімшесін құру жолында біраз жұмыстар атқарады.

1920 жылғы қазан айындағы Қазақ автономиясының Құрылтай Жиналысына Бөкей Ордасынан делегат болып қатысып, Қазақ АКСР-ының Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланады. Сол жылғы қазан айында Қазақ АКСР Юстиция Халық комиссарының орынбасары болып тағайындалады. Осы қызметте жүріп жас Қазақ Республикасының көптеген заң актілерін дайындауға атсалысады [9].

Республикамызда 1920 және 1923 жылдары жүргізілген ауыл шаруашылығы санақтарының және Қазақстандағы жерге орналастыру мөлшерін белгілеген экспедицияны басқарған С.П.Швецовтың мәліметтері бойынша, 1921 жылғы ашаршылықта Қазақстан халқы отыз пайызға дейін азайған. Кейбір елді мекендерде нәубет халықтың бәрін қынадай қырып, болмаса жолда, не өздерінің атамекендерінде шаһит болды. Санақ материалдары (деректері) бойынша, 1921–1922 шаруашылық жылдарында Батыс Қазақстандағы шаруалар шаруашылықтарының саны 1920 жылмен салыстырғанда 23,8 пайызға қысқарған. Ақтөбе, Торғай аймақтарында шаруашылықтардың үштен бірінің жойылып кеткендігін көрсетеді. 1921 жылғы ашаршылық Батыс Қазақстан халқының 31,4 пайызын алып кеткен [10].

Міне, осы тұста, яғни 1921–1924 жылдар аралығында, Уәлитхан Танашев Мәскеуде Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетінде (Қырғыз-Қазақ) АКСР-ның Мәскеудегі өкілдік алқа төрағасының орынбасары, Ұлттар Істері Халық Комиссариатындағы, сондай-ақ басқа да жалпыодақтық мекемелердегі Қырғыз (Қазақ) АКСР-ның өкілетті өкілі қызметін атқара жүріп, аштықтан азап шеккен туған халқына азық-түлік жеткізу үшін көп қызметтенді. Тіпті кейбір замандастары «ол сол бір жылдары туған республикасына Германиядан бір вагон астық әкеп таратты» дегенді де айтады. Мүмкін, осындай оралымды істің өтеуі болар. Ол өзінің өмірбаянында: «1921–1922 жылдары республиканың аштыққа ұшыраған аудандарына азық-түлік жеткізу және қабылдау істерін шебер ұйымдастырғаным үшін мені Республика Орталық Атқару Комитеті сыйлыққа сағат беріп марапаттады», — деп жазыпты [11].

Сонымен, 1919–1924 жылдар аралығында Қазақстан Совет Республикасын ұйымдастыру жұмыстарына қатынаса отырып, У.Ш.Танашев сол жылдары республиканың қалыптасуына, онда Совет өкіметінің нығаюына сүбелі үлес қосты. 1924–1937 жылдары У.Ш.Танашев Қазан қаласында Татар АКСР-ы Жоғарғы Соты адвокаттар алқасында жоғары санаттағы адвокат ретінде еңбек етті. Әділет органдарында өз мамандығы бойынша қызмет атқарған Танашевқа ол жылдары Үкімет тарапынан оның беделін түсіруге бағытталған ешқандай әрекет болған жоқ.

Алаш қайраткерінің қуғын-сүргінге ұшырауы

Татар АКСР Ішкі Халық Комиссариаты 1937 жылдың 15 қыркүйегінде У.Танашевты тұтқындап, үстінен қылмыстық іс қозғады. Ол қоғамға қауіпті элементтер ретінде сол қоғамнан алыстатылатын адамдар қатарына жатқызылды.

Ұзаққа созылған тергеу жұмыстарының қорытындысымен оның ешқандай кінәсі дәлелденбегеніне қарамастан, 1939 жылдың 20 сәуірінде КСРО Ішкі істер Халық Комиссариаты ОСО қаулысымен Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Ерекше Кенесі «контрреволюциялық ұйымға қатынасқаны үшін» деген тұжырыммен оны 8 жылға бас бостандығынан айырды.

1949 жылы Уәлитхан Шарафутдинұлы екінші рет Татар Республикасында репрессияға ұшырап, 1949–1955 жылдары Красноярск өлкесінде айдауда болады. 1955 жылы айдаудан келіп, Қазанда зейнеткерлікке шығады.

1956 жылдың ақпанында ол КСРО Прокуратурасына арыз жазады. Онда 1954 жылғы № 13/5-15506 қылмыстық істі толық ақтауды өтінеді.

У.Танашев жер аударылудан босағаннан кейін оның ісін КСРО Прокуратурасы қарап, нәтижесінде 1957 жылдың 7 ақпанында (Татар АКСР-ның Жоғарғы Соты Президиумы Танашевқа үкім шығарған ОСО-ның 1949 жылғы 6 сәуірдегі қаулысының күшін жойды. Іс қысқарды. Сөйтіп, У.Ш.Танашев толықтай ақталды (Татар АКСР-ның 1955 ж. 16 қыркүйектегі № 31 қаулысы, Жоғарғы Соттың 1957 ж. 15 ақпандағы №44-У-23 анықтамасы) [11; 11].

Контрреволюциялық ұйымға қатынасты деген айып тағылып, бостандығынан айыру, жер аудару жөніндегі 1937 және 1949 жылдардағы үкімдер күштерін жойды, екі іс те қысқартылды. Сөйтіп, ол бұдан былай тыныш, өз ойлағанындай өмір сүруге мүмкіндік алды.

Түйін

Кейінгі жылдардағы Алаш қозғалысына байланысты қандай да бір жиын, съезд ұйымдастыру істерінің бәрінде У.Танашевтың есімі әрдайым аталып келеді. Сондықтан оның Алашордаға қатысты барлық іс-шараларға өзіндік қолтаңбасы бар екендігі айқын сезіледі.

Өз туған елінің келешегіне алаңдаған тұлғаның Алашорда үкіметінің атынан Азамат соғысы жылдары Ресей, Сібір өлкесіндегі құрылған әр түрлі мемлекеттік дәрежедегі ұйымдармен келіссөздер жүргізген, игі бастаманың бастаушысы болған, республика шекарасын белгілеуде досы Әлімхан Ермеков екеуі В.И.Лениннің бір күнде екі рет қабылдауында болып, Ресей территориясына кіріп келген Екінші теңіз жағалауы округі — туған аулының Қазақстан құрамына мәңгілік қалуына атсалысқан Уәлитхан Шарафутдинұлы Танашевтың ұмытылмас еңбектері ұшан-теңіз.

Болашақта осындай арысымызды ардақтап, оның есімін туған жерінде кейінгі ұрпақ жадында сақтайтындай қызмет жасау әрбір патриоттық рухта тәрбиеленуші қазақстандықтың парызы деп есептейміз.

References

1. *Kazakhstan: National encyclopedia*. Vol. 8 / Editor-in-chief B.Ayagan, Almaty: Main edition of «The Kazakh encyclopedia», 2006, 704 p.
2. *West Kazakhstan region: Encyclopedia*, Almaty: Arys publ. house, 2002, 592 p.
3. Alimgereev O. *In total for the sake of Alash!* // Three-copecks piece Horde, 2007, No. 32(394), August, 9–15, p. 6, 7.
4. Saparova D. *The forgotten name of the prominent representative of Alashsky movement* // About Ualitkhan Tanashev // *Kazakh*, 2012, No. 9–10 (575-576), March, 2–9, P. 9.
5. Netaliyev M. *Family tree of Kazakhs Younger. Historical and ethnographic research*, Almaty: «Arys» publ. house, 2007, P. 22–29.
6. Orynbasarova E. *Some data on life and Ualitkhan's Tanashev activity as one of Western Alashorda's leaders* // *History of Kazakhs*, 2008, No. 5,6, P. 232.
7. *Alash. Alashorda: Encyclopedia* / Orig.: G.Anes, S.Smagulova, Almaty: «Arys» publ. house, 2009, 544 p.

8 Kuandyk K.E. *S. Istoriya of Kazakhstan (Soviet period and Independent Kazakhstan):* Textbook, Almaty: ZhShS RPBK «Daur», 2012, P. 72, 73.

9 Eskendirula (Abdeshev) M. *Ministers «Alash Ordy»*, Almaty: Altynbek Sarsenbayula's fund, 2008, P. 38.

10 *Kazakhstan. National encyclopedia*. Vol. 1 / Editor-in-chief Ә. Nyssanbaev, Almaty: Main edition of «The Kazakh encyclopedia», 1998, P. 582.

11 Alimgereev O. *In total for the sake of Alash! // Three-copecks piece Horde*, 2007, No. 33(395), August, 16–22, P. 10, 11.

Р.С.Каренов

Уалитхан Танашев — один из видных создателей правительства Алашорды

В статье описаны жизнь и деятельность видного деятеля Алашского движения, члена правительства Алашорды, крупного юриста — адвоката Уалитхана Танашева, одного из организаторов Съезда казахов Букеевской Орды, проведенного в Ханской ставке в апреле 1917 г. Отмечено, что У.Танашев участвовал во Всероссийском съезде мусульман, где вошел в состав Исполнительного комитета съезда, принимал участие в переговорах с представителями политических структур, действовавших на территории Сибири во время гражданской войны. Дана характеристика его деятельности в советском аппарате после установления большевистской диктатуры. Автором освещены последние годы жизни У.Танашева, когда он был дважды репрессирован — в 1937 и 1949 годах.

R.S.Karenov

Ualitkhan Tanashev — one of the prominent members Government Alashordy

Eminent person of the Alash movement, a member of the government Alashordy, big lawyer — attorney Ualitkhan Tanashev's life and work is described. It is emphasized that in the revolutionary years taken an active part in the Alash movement. It is noted that he was one of the organizers of the congress of the Bukeyev hordes of Kazakhs held in Khan's outpost in April 1917. States that participated in the All-Russian Congress of Muslims, which was a part of the Executive Committee of the Congress. It is shown to have been involved in negotiations with the political structures operating in the territory of Siberia during the Civil War. A characteristic of his work in the Soviet apparatus after the establishment of the Bolshevik dictatorship. We explore the final years of his life, when he was arrested twice in 1937 and 1949.